

І ТУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

март Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

кәне партия-саяси дәрежеде болсын

қ комитеттер жет-
йді.

ің саяси тәрбие
болса, осының нә-
меткерлердің саяси
олса, олар іске
гүрғысынан қарай-
тынан келгеннің бә-
са, шаруашылық
ым көрнекті әрі
сіз. Ендеше, әрбір
арксистік-лениндік
ұқаралық жұмысты
ып, нақты жүргізу
я комитеттерінің
сті жерлерге бар-
лға қою үшін қан-
, онда сонша бо-
ұйымына қолма-
кеңес берулері

гіміз алға қойып
ылық міндеттерді
ру кадрларға бай-
ім. Сондықтан да
кадрларды іріктеп
тәрбиелеу мәселе-
Кадрлар арасында-
емшілігі мынада
сергілікті партия.

жоспарлар жасау — жұмыстың бастама-
сы ғана; негізгісі — сол қаулылардың,
шаралар мен жоспарлардың аяқсыз қал-
лып қоймауы үшін оларды жүзеге асыра
алатын кадрларды тәрбиелеу керек. Ен-
деше, аудандық басшы партия, совет
ұйымдары кадрларды іріктеп алып, ор-
наластыру және тәрбиелеу мәселесіне
нақ осы тұрғыдан қарауға міндетті. Мұн-
сыз партия-ұйымдық және партия-саяси
жұмыстарды жергілікті ұйымдар БК(б)П
Орталық Комитеті қойып отырған талап-
тарға сай жүргізе алмайды.

Кейбір аудандық партия комитеттері
партия жұмысының мәселелері және шар-
уашылық міндеттердің орындалу барысы
туралы, немесе колхоз, совхоздардағы,
МТС-тердегі, кәсіпорындағы кемшіліктер
жөнінде бюро мәжілістерінде мәселені жиі
қарайды. Мәселені әзірлеу үшін бүкіз
аппарат жұмылады, жер-жерден мәлімет-
тер жыйналады, шұғыл зерттеулер жүр-
гізіледі, шаралардың жобалары жасалы-
нады. Бірақ, осыншама уақыт, күш жұм-
салған мәселе талқыланғаннан кейін қа-
былданған қаулы оны орындаушыларға
жеткізілмей тез ұмытылады, қағаз бетін-
де қалып қояды.

Мұның себебі—алдымен, кейбір басшы

Қазақстан К(б)П облыстық комитетінің III пленумы

Облыстық партия комитетінің кезекті
III пленумы болып өтті. Пленум «Облыс
партия ұйымында партия-ұйымдық және
партия-саяси жұмыстардың жайы және
оны жақсарту шаралары туралы» мәселе
талқылады. Бұл мәселе жөнінде КК(б)П
обкомінің секретары **Н. Бобров** жолдас
баяндама жасады.

—Орталық Комитеттің және Қазақстан
большевиктерінің V съезінің қарарларын
орындай отырып, — деді Бобров жол-
дас, — облыс партия ұйымы басшы кадр-
ларды іріктеуде, орналастыруда және
тәрбиелеуде кейбір жақсы нәтижелерге
ие болды.

Кадрларды іріктеп, орналастыру
және оларға большевиктік тәрбие беру
ісінің жақсаруы еңбекшілер арасындағы
ұйымдастыру және саяси жұмыстарының
жақсаруына, сол сияқты, өнеркәсіп пен
ауыл шаруашылығының өндірістік жос-
парларын ойдағыдай орындауға әсерін
тигізгендігі сөзсіз.

Облыстық, қалалық және аудандық
партия комитеттері партия насихатына
басшылық етуді жақсартты, партия
оқуының сапасын арттыруға көп көңіл
бөлетін болды. Облыс партия ұйымы құ-
рамының 94 проценті партия оқуының
әр түрімен қамтылған. Үйірмелер мен
саяси мектептерді басқаруға саяси әзірлі-
гі жеткілікті коммунистер тағайындалды.
Мұның барлығы мектептер мен үйірме-
лердің жұмысының идеялық дәрежесін
арттыра түсуге әсерін тигізіп отыр.

Бұдан кейін баяндамашы облыс өнер-
кәсіп орындарының, колхоз, совхоздары
мен МТС-терінің өткен жылғы қолжет-
кен табыстарына тоқталды.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында
қолжеткен табыстар облыс партия ұйы-
мының ұйымдастыру және саяси жұмыс-
тарын жақсартуының нәтижесі болып
табылады. Бұл Полудень аудандық пар-
тия комитетінің жұмысынан айқын көрі-

қызметкерлеріне белгілі еді, бірақ, бұл
іске облыстық партия комитеті аралас-
қанға дейін олар ешбір шара қолданба-
ды.

Баяндамашы партия қатарының өсуі
мәселесіне, жас коммунистер арасында-
ғы жұмысты жақсарту түсу, партия шар-
уашылығын жолға қою мен коммунистер-
дің ісін қарауды жақсарту қажеттігіне
де тоқталды.

Бобров жолдас өзінің баяндамасының
соңында колхоз, совхоздар мен МТС-тер-
дің жұмысын жақсарту түсу, ауылшар-
уашылық артелі Уставын қатаң сақтау,
маз қыстатуды үлгілі өткізу және көп-
теміз егіске әзірлікті күшейту жөніндегі
міндеттерді баяндады.

Баяндама бойынша жарыссөз басталды.
Булаев аудандық партия комитетінің
секретары **Курлов** жолдас жарыссөзде бі-
рінші болып сөз сөйледі. Ол аудандық
комитеттің еңбекшілер арасында жүргізіп
жатқан партия-ұйымдық және партия-
саяси жұмыстары, колхоз бастауыш пар-
тия ұйымдарының секретарьларын іріктеу
және олардың жұмысына көмектесу жө-
нінде айтты.

—Аудандық комитет, — деді Курлов
жолдас, — көбінесе шаруашылық міндет-
терді атқарады, мұның себебі кейбір ау-
дандық ұйымдар бұл мәселемен жеткілік-
сіз шұғылданады. Облыстық ведомстволық
ұйымдар өздерінің аудандық мекемелері-
нен жұмысты жақсы істеуді және өздері-
нің нұсқауларын мүлтіксіз орындауды
талап ете алмай, облыстық партия коми-
теті арқылы ондай мәселемен аудандық
комитеттің шұғылдануына жетісуге ты-
рысады.

Курлов жолдас партия ұйымдары жұ-
мысының жақсы тәжірибелерін жеткілік-
сіз жариялайтындығы үшін облыстық
баспасөзді әділ сынады, бірақ, ол Булаев
аудандық партия комитетінің, ауданның
кейбір колхоздарының, ауылшаруашылық

Қыялы совхозы бастауыш партия ұйы-
мының жұмысы жөнінде осы партия
ұйымының секретары **Бабкин** жолдас
баяндады.

—Біздің ауданның бастауыш партия
ұйымдары, — деді Соколов аудандық пар-
тия комитетінің секретары **Брикунов** жо-
лдас, — басшылық жұмысын біраз жақ-
сартып, ауыл шаруашылығы еңбекшілері
мен ауыл-село интеллигенциясы арасын-
дағы жұмысты едәуір жақсартты. Партия-
саяси жұмыстарын алда тұрған шар-
уашылық міндеттермен ұштастыра жүргі-
зуді үйрендік.

Аудандық партия комитеті бастауыш
партия ұйымдарының жұмысына күнбе-
күн бағыт сілтеп, оларға зор көмек көрсет-
теді. Біз партия ұйымы секретарьлары-
ның семинарын өткізіп, бастауыш партия
ұйымдарының жұмысы жөніндегі есепті
аудандық партия комитетінің бюро мәжіл-
сінде жиі-жиі тыңдайтын болдық, баста-
уыш партия ұйымдары секретарьлары-
ның құрамын нығайттық. Бұл шаралар-
дың барлығы олардың жұмысын жақсар-
туға, партия жыйналыстарының жоғары
идеялық дәрежеде өтуіне, партия оқуы
сапасының артуына әсерін тигізбей қой-
ған жоқ.

—Партия оқуының сапалы болуы, —
деді КК(б)П облыстық комитетінің секре-
тары **Шульгинова** жолдас, — ең алдымен
насихатшыларға байланысты. Сондықтан
да аудандық комитеттер насихатшы кадр-
ларды іріктеуге және оларды тәрбиелеуге
жете назар аударуға тиіс. Кейбір аудан-
дық партия комитеттері насихатшылар-
дың семинарларын өткізудің маңызын
жете бағаламайды. Көп реттерде семинар-
лар әзірліксіз өткізіледі. Олардың жұмы-
сында елеулі кемшіліктерге жол беріледі.
Насихатшылар семинарларда теориялық
және методикалық мәселелерді талқылау
ға белсене қатынаспайды, тәжірибе ауысу
ұйымдастырылмайды.

„1952 жылы республиканың су шаруашылығын одан әрі өркендету шаралары туралы“ қаулысының Алматы облысы бойынша орындалуының барысы туралы

Қазақ ССР Министрлер Советі Алматы облыстық атқару комитетінің (Арыстанбеков жолдас), облыстық су шаруашылығының (Андрюченко жолдас) және Алматы облыстық ауылшаруашылық басқармасының (Нүркеев жолдас) Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1952 жылғы 22 февральдағы «1952 жылы республиканың су шаруашылығын одан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын қанағаттанғысыз орындап отырғанын атап көрсетті. Іле, Еңбекшіқазақ және Алматы селолық аудандарының көп колхоздарында Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің аталған қаулысында қарастырылған су шаруашылық шараларын жүргізу туралы мәселе колхозшылардың жалпы жыйналыстарында талқыланбады.

Жерді жайып суару, бөгеттер мен су қоймаларын салу, шабындықтар мен жайлымдықтарды суару, жер суарудың жаңа жүйесіне көшу, ирригациялық орындарды тазалау және су техникалық құрылыстар мен посттарын жөндеу жөніндегі белгіленген жұмыс жоспарларының орындалуы қанағаттанғысыз.

1952 жылғы көктемде суарылуға тиісті 69 мың гектар шабындық пен жайлымдықтан 1952 жылғы 10 мартқа дейін 41,5 мың гектары суаруға әзірленген және суарылған, мұның ішінде көпшілігі 1952 жылғы 15 январьға дейін суарылған. Көптеген колхоздарда жерді жайып суару жөніндегі объектілер, оның көлемі, мерзімі және жұмыс графигі белгіленбеген. Колхозшылар бұқарасының осы аса маңызды шараларға кеңінен қатысуы ұйымдастырылмаған. Жерді жайып суаруға қатысуға тиісті 7500 колхозшының орнына іс жүзінде небары 815 адам жұмыс істеп жүр.

Еңбекшіқазақ ауданының алдыңғы қатарлы «Қазақдүм» колхозы қарапайым

бөгеттер жасау арқылы Жарсу және Жар бастау өзендерінің суын пайдаланып, аз еңбек жұмсап 1200 гектар шабындықтар мен жайлымдықтарды суландырды, бірақ, колхоздың бұл тәжірибесі қалған колхоздардың игілігіне айналдырылмады.

Көпшілік колхоздар осы күнге дейін ирригациялық орындарды тазалауға кіріскен жоқ. Су техникалық құрылыстарды жөндеу өте-өте баяу жүргізілуде. 32 су техникалық құрылыс орнына 4 арын және 723 су посттары орнына 126 су посттары ғана жөнделген. Колхоздардың су пайдалану жоспары және су пайдаланушылармен шарт жасау осы күнге дейін аяқталмаған. Жер суарудың жаңа жүйесіне көшуге байланысты су жүйелерін қайта құру жұмыстары осы күнге дейін басталмаған.

Отарларда, сонымен бірге колхоздардың негізгі пайдаланатын жерлерінде шахт құдықтарын салу қанағаттанғысыз жүргізілді.

Әсіресе, ирригациялық күрделі құрылыстар салу іс қанағаттанғысыз болып отыр.

Алматы облыстық атқару комитеті және аудандық атқару комитеттері су шаруашылық жұмыстарын жүргізудің маңызы аса зор екенін жете бағаламайды, бұл мәселелерге ауылшаруашылық және су шаруашылық орындары, колхоздар, ауылдық және селолық Советтер басшыларының назарын аудармайды, сонымен бірге, колхозшыларды, МТС, машина-малшаруашылық станциялар мен машина-мелиорация станцияларының қызметкерлерін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін арттыру үшін және қоғамдық мал шаруашылығына тұрақты жемшөп қорын жасау үшін су қорларын тиімді пайдалану жолындағы күреске жұмылдырмады.

Қазақ ССР Министрлер Советі Алматы облыстық атқару комитетіне (Арыстан-

беков жолдасқа), облыстық су шаруашылығына (Андрюченко жолдасқа), облыстық ауылшаруашылық басқармасына (Нүркеев жолдасқа) және аудандық атқару комитеттерінің председателдеріне су шаруашылық жұмыстарын жүргізудегі болған қателерді дереу түзеу үшін және Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің қаулысында көрсетілген жерді жайып суару, жер суарудың жаңа жүйесіне көшу, құрылыстарды тазалау және жөндеу жөніндегі көрсетілген тапсырмалардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру және қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын жасау ісінде ерекше маңызы бар аса қажетті шараларды тез қолдануға міндеттеді.

Су шаруашылық жұмыстары жоспарының орындалуына жауапты екендіктері Арыстанбеков, Андрюченко, Нүркеев жолдасстарға ескертілді.

Алматы облыстық атқару комитетіне және аудандық атқару комитеттеріне жерді жайып суару құрылыстарын салу, каналдарды тазарту және су техникалық құрылыстарды, посттарды жөндеу, су жүйелерін қайта құру жұмыстарына колхозшылардың жаппай қатысуын ұйымдастыру, ирригациялық құрылыстарды салуға кірісу, колхоздарға көмекке басшы қызметкерлер мен мамандарды жіберу, сонымен бірге, су шаруашылық құрылысы жоспарларының орындалу барысын әрбір аудан және колхоз бойынша күнбе-күн бақылап отыру жүктелді.

Алматы облыстық атқару комитеті су шаруашылық шаралары жоспарының орындалуы барысы туралы 1952 жылғы 10 апрельде Қазақ ССР Министрлер Советіне мәлімдеуге міндеттелді.

күнделікті шаруашылық мәселелерді шешуде совет және шаруашылық орындарға күнбе-күн басшылық жасау, олардың ролі мен жауапкершілігін арттыру орнына, ол ұйымдардың инициативасын тежейді, жауапкершілігін кемітеді, өзінің саяси басшылық және партиялық бақылау жасау жөніндегі міндетін естен шығарады. Бұл жағдайдың барлығы ауданның партия ұйымының жұмысында елеулі кемшіліктердің орын алуына әкеліп соқты.

—Кейбір аудандық партия комитеттері, — деді Бобров жолдас, — кадрларды іріктеп, орналастырудың большевиктік принципін бұрмалап, қызметкерлердің бір орыннан екінші орынға жиі ауысуына жол береді, кадрлардың іскерлік қабілеті мен саяси сапасын жете тексермейді. Бұған Мамлют аудандық партия комитетінің жұмысы мысал бола алады, бұл ауданда кадрларды іріктеп, орналастыру принципінің бұрмалануы, қызметкерлерге тиісті талаптың қойылмауы салдарынан аудандық комитет кадрларды іріктеуде және олардың арасында тәлім-тәрбие жұмысын жүргізуде бірқатар елеулі қателіктерге жол берген. Кадрларды іріктеп, орналастыруда жол берілген қателіктерге облыстық партия комитеті де кінілі.

—Біздің кейбір қызметкерлеріміз, — деді баяндамашы, — газеттерде жарияланған сын мақалаларын дұрыс қабылдамайды. Өздерінің жұмысындағы кемшілікті көрсеткен әділ сынды мойындаудың орнына, қайткенде ол сынды бекерге шығаруға тырысады, өздерінің беделдеріне нұқсан келеді деп санап, қателіктерін шын мойындаудан тайсалады.

Өткен жылғы августа «Ленин туы» газетінде «Октябрь ауданында сын мен өзара сынды құрметтемейді» деген сын мақала жарияланды. Мақалада «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председателі Құрманғожиннің ауылшаруашылық артеі Уставын бұрмалаумен бірге, колхозшыларға дөрекі мінез көрсеткендігі, екі әйел алып, феодалдық-байшылдық қалдықты қоздырғандығы айтылды. Жоғарыда келтірілген фактілер аудандық комитеттің секретарьлары мен басқа да

—МТС-тің ауылшаруашы-
лім, — деді Ш
лыстық ұйым
директордың
орынбасарлар
делерді шешу
Бұған ауылш
нің жуырда б
іне МТС дире
жөніндегі оры
мағандығы дө
дің МТС-тің а
керлері де ша

Бұдан кейін
дардың бастау
ретарьларыны
тігіне тоқталд

Облыстық п
тары **Белетч**
жұмысының
дарының ком
лығын жақсар
лыстық парт
комсомол ұйы
басшылық жа

Қалалық ш
ры **Поцелуев**
жоғарғы парт
рын орындай
ұйымдарына
жасайтын бо

партия ұйымд
дары мен пар
ты жақсарта
кен жылы в
мәжлісінде ме
ның бастауы
шаруашылық
ралы 40-тан
Бастауыш пар
және шаруаш
мен жете шү
уыш партия
налыстарында

диалистік жағ
ланады. Көпте
жыйналыс ж
өтеді. Қала е
яси-бұқаралық
де. Осының н
өткен жылдың
мерзімінен бұ

конференциясында Батум социал-демократиялық ұйымы және оның Сталин жолдас бастаған басшы партия тобы құрылады. Бұл топ РОДЖИ-ның лениндік-искралық бағыттағы Батум комитетінің ролін атқарды. Бұл Комитет жұмысшылар арасында революциялық жұмысты қызу жүргізеді. 1902 жылғы январь, февраль айларында Батумда 11 социал-демократиялық жұмысшы үйірмелері белсене жұмыс істейді. Олар қаланың ірі-ірі кәсіпорындарын қамтыды. Осы жылғы январьда Сталин жолдас кішкене ғана күшія баспахана ұйымдастырады.

Сталин жолдасының жұмысшылар үйірмелерінде сөйлеген сөздері мен күшія баспаханада басып шығарып, жұмысшылар арасына таратқан үндеу қаттары, ұрандар, Батум комитетінің Сталин жолдас-

тарына жауап ретінде ірі саяси демонстрация ұйымдастырды. Оған Батумдағы Ротшильд, Монтаншев заводтарының, порты, темір жолдың және басқа кәсіпорындарының 6 мыңнан аса жұмысшылары қатысты. Батумды Закавказьеінің тарихында бұрын болып көрмеген революциялық қозғалыс бернеді. Батум Комитеті бастаған демонстрацияға қатысқандар қолдарына қызыл тулар ұстап, революциялық өлеңдер айтып, әртүрлі тілдерде «Бостандық жасасын!», «Самодержавие жойыласын!» деген ұран салып, қамауға алынғандарды босатуды талап етіп, айдау казармаларына қарай жүріп берді. Айдау казармаларына келгенде патшаның әскерлері демонстрацияға оқ атты. 15 жұмысшы оққа ұшып өлді, 54 адам жараланды. Демонстрацияға қатыс-

демократиялық комитеті ұйымдастырған ірі ереуілдері мен демонстрациялары болып өтті. Батумның демонстрациясы Күнгей Кавказдағы жұмысшылар мен шаруа бұқарасын серпілтіті.

Батумдағы аса зор саяси ереуілдер мен демонстрацияға ұштаса өрістеген бүкіл Россияның жұмысшы табы мен шаруаларының революциялық күресі тамаша жеңіспен аяқталды. Олар Ленин—Сталин партиясының данышпандық басшылығымен Октябрь революциясын ойдағыдай жасап, помещиктер мен капиталистерді, патша өкіметін жойды. Бұдан 50 жыл бұрын Батум жұмысшылары нені арман етіп, не үшін күресіп, қан төккен болса, соның бәрі де кәзір көп ұлтты ұлан-байтақ елімізде толығынан іске асырылды.

Қ. МЕНДІҒОЖИН.

Теміржолшылар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы қарсаңында

Үнемделген отынмен

Лидия Борабельникованың бастамасын Петропавл жол бөлімшесінің теміржолшылары қызу қолдап келеді. Әресе, локомотив бригадалары отын үнемдеу жолындағы жарысты кең өрістетті. Жуырда осы жарыстың қорытындылары шығарылды. Өткен жылы Петропавл жол бөлімшесінің паровозшылары бүкіл бөлімшенің 6 күн бойына жұмыс істеуіне жететіндей мөлшерде отын үнемдеген.

Машинистердің ішінен ауыр жүктер тасыйтын паровоздың машинисі Николай Бубенчик отын үнемдеу жөнінен ең жоғары көрсеткішке ие болды. Оның өзіндік өсең бетіне 167 тонна көмір үнемдегені жазылған. Сол сияқты, еліміздің темір жол торабының озат машинисі атағын алған бесжүзші Антон Слюнько бір жыл ішінде 119 тонна, машинист Иванов 100 тонна көмір үнемдеген.

Ғ. БЕЙСЕНОВ.

Кривоносшылар

Петропавл жол бөлімшесінің паровозшылары өз локомотивтерінің жол жүру шапшаңдығын барған сайын арттыра түсу күресінде өндірістік жаңа табыстарға жетісіп келеді. Мәселен, март айының алғашқы 15 күні ішінде аға машинист Мозговой жолдас өз паровозын 8 рет айналымға берді. Осы мерзім ішінде озат машинист 1260 тонна жүкті жоспардан тыс тасыды. Оның паровозының орта тәуліктік жол жүрісі нормадағыдан 65 километр асады.

Сол сияқты, Манин, Степковой, Антонов жолдастар сияқты өз жұмыстарында кривоносшылық әдістерді кеңінен қолдана білген таңдаулы машинистер де локомотивтерді пайдалану көрсеткіштерін едәуір жақсартты. Олар сапарға шыққанда жол-жөнекей көп реттерде қосымша су алмайды, отынды көптеп үнемдейді.

П. ОСИПОВ.

График бойынша

Петропавлдың техникалық байқау пунктінің вагоншылары Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы құрметіндегі социалистік жарысқа белсене ұшасты.

Соңғы бір аптаның ішінде аға вагон байқаушы Николаенко жолдасының сменасы жақсы нәтижелерге ие болып келеді.

Бұл күндері смена мүшелерінің алдына қойып отырған мақсаты — қабылданған барлық поездарды график бойынша мерзімінде жөнелтіп отыру. Солай болып та жүр. Соңғы бір кезегінде сменадағы жұмысшылар 12 поезды кепілдеме жолдамалармен жөнелтті. Составқа тіркелетін вагондардың техникалық жарамдылығы әрқашан да жақсы, байқау сапасының жақсартылуы ешбір ақаудың кездеспеуіне мүмкіншілік туғызып келеді.

В. ШЕВЧЕНКО,

Техникалық байқау пунктінің бастығы.

«СОЮЗПОСЫЛТОРГ» БӨЛІМІ ССРО-НЫҢ КАЯ ЖЕРІНДЕ БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЗАКАЗЫ БОЙЫН ПОЧТАМЕН ПОСЫЛКА ЖІБЕРЕДІ

Стол сағаттары

«НЧ—2» 15 тасты, бір бұрағаны 5 күнге жетеді
Әшекейленген ағаш корпусқа орнатылған, 11 тасты, бір б
14 күнге жетеді
«НЧ—9» жалтырауық ағаш корпусқа орнатылған, бір б
ғаны 30 сағатқа жетеді

Ерлердің қалта сағаттары

«Молния» жалтырауық металдан жасалған корпусқа орна
ған 15 асыл тасты
«Салют» жалтырауық металдан жасалған корпуста,
15 асыл тасты
«НЧ—43» жалтырауық металдан жасалған корпуста,
15 асыл тасты
Будильник сағаттар «Б—9» іші қоңыраулы, жалтырау
дан жасалған боялған корпуста
Будильник сағаттар «Б—6» металдан жасалып боялған
корпуста, қоңыраулы 50 сом
Безбемді сағаттар «Экстра» металдан жасалған корпуста,
калары жақсартылған

Бұл сағаттарды алу үшін жоғарыда көрсетілген «Союзпос
Свердлов бөлімінің адресіне сағаттың бағасын буып-түю жа
шығындарымен қоса почта арқылы жіберу керек.


Ұйымдардан, мекемелерден және колхоздардан заказ қабы
Почта переводының талонына өзінің фамилиясын, атын жа
атын, анық адресін, талонның екінші бетіне товарлардың түрін
Жоғарыда аталған сағаттардан басқа фотоқағаз, белек ж
мен әртүрлі радио лампалары, акварель бояулары, фотосуретт
бомдар және басқа да мәдени товарлар бар.

Барлық товарлардың бөлшек бағасы «Союзпосылторгтың»
тарында көрсетілген.
Заказдарыңыз бен ақша переводтарыңызды төмендегі адре
сіздер:

Свердлов қаласы 14. Урицкий көшесі № 1.

Свердловтың «Союзпосылторг» бөлімшесі.

Почта посылкасының қызметімен пайдаланыңыздар.



РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторды
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33.2, корректорлар бюросы — 4-39 Газет баспасы — 0.22, газет табыс етіл